

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу және мал жаю қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 12 қазандағы 18-02/909 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 қарашада 12259 болып тіркелді.

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 99-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу және мал жаю қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 12 қазандағы
№ 18-02/909 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу және мал жаю қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу және мал жаю қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман

кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 99-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу мен мал жаю тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) орманның генетикалық резерваты – өсімдіктер түрі, түр тармағы популяциясының генетикалық-селекциялық тұрғыдан құнды бөлігі бар орман учаскесі;

2) орман пайдалану – орман ресурстары мен орманның пайдалы қасиеттерін пайдалану жөніндегі заңдық және экономикалық жағынан регламенттелген қызмет;

3) орман пайдаланушы – Кодексте белгілеген тәртіппен уақытша орман пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

4) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы – орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласында басқару мен бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

3. Мемлекеттік орман қорының шөп шабуға және мал жаюға болатын учаскелерін орман орналастыру жобаларына немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларына сәйкес мемлекеттік орман иеленушілер белгілейді.

4. Шөп шабу және мал жаю үшін мемлекеттік орман қорының құрамына енетін осы мақсатқа жарамды ауыл шаруашылығы жерлерінің алқаптары бөлінеді, сондай-ақ алаңқайлар және шөп шабу басталғанға дейін орманды табиғи немесе жасанды жолмен жаңарту, оларды жақсарту жөнінде басқа да іс-шаралар жүргізу көзделмейтін басқа да орман көмкермеген алқаптар, сондай-ақ қайта жаңартуға арналмаған құндылығы аз екпелердің жекелеген учаскелері пайдаланылады.

5. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабуға болатын алаңдарды жыл сайын шөп шабу басталғанға дейін Кодекстің 13-бабының 1-тармағының 18-3) тармақшасына сәйкес бекітілген орман орналастыру материалдарының негізінде мемлекеттік орман иеленушілер нақтылайды.

6. Кодекстің 99-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік орман қорына кіретін жайылымдарда бақташысыз мал жаю шалғай, жолы қиын және халық аз қоныстанған аудандарда ерекше жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін шөп шабу және мал жаю үшін пайдалану тәртібі

7. Мал жаю мемлекеттік орман қоры учаскелерінде осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес айқындалатын алаңдарда жүзеге асырылады, бұл ретте мал жаю үшін учаскелер таңдау орман жайылымдарын маусымдық пайдалану мүмкіндіктері, жайылым айналымдарын және оларға жеткілікті жүктемені ескере отырып, жүзеге асырылады.

8. Жайылым айналымының алаңы:

1) өсу кезеңінің табиғи-климаттық жағдайларын;

2) жайылымдардың шығымдылық деңгейін;

- 3) эрозияға ұшырау үдерістерінің ықтимал мүмкіндігі және нақты байқалуын;
- 4) жабайы өсетін шөптердің ерекше құнды тұқымдарын жинау мүмкіндігі;
- 5) "демалыс" берудің орындылығы, яғни жыл бойына мал жаюды, шөп шабуды толық болдырмауды ескере отырып, белгіленеді.

9. Мынадай мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп жабу (өртке қарсы іс-шаралар шеңберінде жүзеге асырылатын шөп шабудан басқа) және мал жаю:

1) мемлекеттік орман қорының "мемлекеттік табиғи қорықтар ормандары", "табиғаттың мемлекеттік орман ескерткіштері", "орманның гендік резерваттарын қоса алғандағы ғылыми маңызы бар орман учаскелері", "аса құнды орман алаптары" санаттарында, сондай-ақ қорық және тапсырыс режиміндегі мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар мен мемлекеттік өңірлік табиғи саябақтар аймақтарында, мемлекеттік табиғи резерваттардың қорық орталығы аймақтарында;

2) мемлекеттік орман қорының рекреациялық пайдалану аймақтарындағы, әкімшілік-өндірістік мақсаттағы, келушілер мен туристерге қызмет көрсетуге арналған шағын аймақтардағы "мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар ормандары" және "мемлекеттік өңірлік табиғи саябақтар ормандары" санаттарында;

3) мемлекеттік орман қорының бұзылған ландшафтарды қалпына келтіру аймағындағы "мемлекеттік табиғи резерваттар ормандары" санатында;

4) мемлекеттік орман қорының тапсырыс режимі аймағындағы "мемлекеттік қорық аймақтары ормандары" санатында;

5) мемлекеттік орман қорының "жаңғақ кәсіпшілігі аймақтары", "орман-жеміс екпелері", "аса биік тау ормандары", "мемлекеттік қорғаныштық орман белдеулері", "эрозияға қарсы ормандар" және "халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, магистральдық құбырлар мен басқа да желілік құрылыстардың бөліп берілген белдеулеріндегі қорғаныштық екпелер", "халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдары бойындағы қорғаныштық орман белдеулері" санаттарында жүзеге асырылмайды.

Ескерту. 9-тармаққа орыс тілінде өзгерістер енгізілген, қазақ тіліндегі мәтін өзгертілмейді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.12.2015 № 19-1/1124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мал жаюға рұқсат етілген учаскелер тізбесін мемлекеттік орман қоры жерлерінің жай-күйіне қатысты болып жатқан өзгерістерді, сондай-ақ орманды қалпына келтіру іс-шараларын жүргізу мен орман ресурстарын дайындау жоспарларын ескере отырып, мемлекеттік орман иеленушілер жыл сайын нақтылап отырады.

11. Сексеуіл ормандарынан басқа, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ешкі жаюға арнайы бөлініп, қоршалған учаскелерде ғана жол беріледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.11.2017 № 445 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Шөп шабу мен мал жаю үшін мемлекеттік орман қоры учаскелері ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының талаптарымен, ал қысқа мерзімді орман пайдалануға қысқа мерзімді орман пайдалану шарты және рұқсат беру құжаттары негізінде беріледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.11.2017 № 445 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Орман иеленушілер 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 36, 41-баптарына сәйкес шөп шабу мен мал жаюға жарамды мемлекеттік орман қоры учаскелерінен орман шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қызметкерлеріне шөп шабу үшін қызметтік жер телімдерін бөледі.

14. Шөп шабу мен мал жаю үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін ұзақ мерзімді орман пайдалануға бөлу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 7 қазандағы № 18-02/896 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12247 тіркелген) бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер өткізу қағидаларына сәйкес тендерлік негізде жүзеге асырылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.12.2015 № 19-1/1124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Шөп шабу мен мал жаюға жарамды қалған алаңдар туралы мәліметтерді (осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілгеннен басқа) орман иеленушілер тендер ұйымдастырушыларға шөп шабу мен мал жаю басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей береді.

16. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінен шөп шабатын және мал жаятын алқаптардың бөлінуіне мұқтаж орман пайдаланушылар:

1) ұзақ мерзімді негізде (ұзақ мерзімді орман пайдалану) тендер өткізуді ұйымдастырушыларға шөп шабу мен мал жаю үшін ұзақ мерзімді пайдалануға мемлекеттік орман қоры учаскелерін беру бойынша тендерге қатысуға арналған өтінім-лоттарды орман иеленушілердің дайындауы үшін тиісті өтінімдер жолдайды;

2) қысқа мерзімді негізде (қысқа мерзімді пайдалану) шөп шабу немесе мал жаю басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей орман иеленушілерге орман пайдалану үшін учаскелер беру жөнінде өтініш жазады.

17. Тендерлер өткізуді ұйымдастырушылар шөп шабу мен мал жаю үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін беру жөнінде өткізілген тендерлердің нәтижелері

негізінде мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөніндегі тендер комиссиясының хаттамасын толтырады, оның негізінде мемлекеттік орман иеленушілер мен орман пайдаланушылар арасында осы учаскелерді ұзақ мерзімді орман пайдалану туралы шарт жасалады, онда осы учаскелерді пайдалану жөніндегі талаптармен және тараптардың өзара қарым-қатынастарының шарттарымен қатар Кодекстің 38-бабына сәйкес қорғау және Ормандарда өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтау жөніндегі міндеттер белгіленеді.

18. Шалғайдағы мал шаруашылығы үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін беру жөніндегі өтінім-лоттарды дайындау кезінде көршілес аудандардың, облыстардың қажеттілігін ескеру керек.

19. Орман иеленушілер өткізілген тендерлердің нәтижелері бойынша жасалған шарттарға сәйкес және орман пайдаланғаны үшін төлем жасалғанын куәландыратын құжаттардың негізінде тендерлердің жеңімпаздарына "Ағаш кесу билеті мен орман билетінің нысандарын, оларды есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 18-02/40 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10676 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша орман билеттерінің жыл сайын берілуін оларға шөп шабу мен мал жаю үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерінің табиғи түрінде берілуін қамтамасыз етеді.

20. Шөп шабу мен мал жаю үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін қысқа мерзімді орман пайдалануға беру кезінде орман пайдаланушының өтініші және орманды пайдаланғаны үшін төлем жасалғанын куәландыратын құжаттардың негізінде орман пайдаланушыларға да орман билеті жазып беріледі.

21. Берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу мен мал жаю орман билеттерінде көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

22. Шөп шабу мен мал жаю үшін берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы Кодекстің 39-41-баптарына сәйкес тоқтатыла тұрады, шектеледі немесе тоқтатылады.

Мемлекеттік орман қоры
учаскелерінде шөп шабу
және мал жаю қағидаларына
қосымша

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі мал жаю аландарын айқындау

№	Табиғи аймақтар	Үй жануарларының түрлері	Мал жаю алаңы, басқа гектар
1	2	3	4
1	Жартылай шөлейт және шөлейт	Қой, ешкі Ірі қара мал Жылқы	7,0 7,0 5,0
		Қой, ешкі	1,5-3,0

2	Далалы	Ірі қара мал	1,5-3,0
		Жылқы	1,0-2,25
3	Таулы	Қой, ешкі	0,75-1,5
		Ірі қара мал	0,75-1,5
		Жылқы	1,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК